

"Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 381 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 1057 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 23 желтоқсанда № 14562 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 02.07.2020 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 381 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11134 болып тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 маусымда, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 113 (28591) санында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларындағы :

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Іс-қимыл дағдыларын пысықтау және алған білімдерін бекіту үшін халық және азаматтық қорғау саласындағы мамандар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығу, жаттығу мен сабақ түрлеріне сәйкес оқу-жаттығулар мен машықтануларға және сабақтарға тартылады";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне (В.Р. Беккер) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 14 қарашадағы
№ 1057 бұйрығына қосымша
Халыққа және азаматтық қорғау
саласындағы мамандарға
хабар беру, білімді насихаттау,
оқыту қағидаларына
қосымша

Азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар, машықтанулар мен сабақтардың түрлері

Р / с №	Іс-шара, тақырыбы	Оқытылатындардың құрамы	Өткізу кезеңділігі	Жауапты орындаушылар	Ескертпе
1 . Республикалық деңгейде					
	"Қазақстан Республикасының	Орталық және жергілікті			

1.	азаматтық қорғау жүйесін бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру" тақырыбы бойынша " Қорғау " республикалық штабтық машықтану	атқарушы органдар , олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (бұдан әрі ПМ ТЖК)	
2.	"Көктемгі кезеңде су тасқыны жағдайының қолайсыз өршуі кезіндегі төтенше жағдайларды жоюда құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға дайындық және оларды жүргізу" тақырыбы бойынша " Көктем " республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары	Орталық және жергілікті атқарушы органдар , олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	ПМ ТЖК	
3.	"Қысқы кезеңде төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға дайындық және оларды жүргізу" тақырыбы бойынша " Қыс " республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары	Орталық және жергілікті атқарушы органдар , олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	ПМ ТЖК	
4.	Қазақстандағы ықтимал жойқын жер сілкінісі салдарын жою кезіндегі іс-қимыл бойынша " Жер " республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары	Орталық және жергілікті атқарушы органдар , олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	3 жылда 1 рет	ПМ ТЖК	
2. Аумақтық деңгейде					
		Азаматтық қорғаныс бастығы,			

5.	Осы аумақтың Азаматтық қорғаныс бастығы белгілейтін тақырып бойынша кешенді оқу-жаттығулар (облыстарда, қалаларда және ауылдық аудандарда)	төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның мүшелері, азаматтық қорғау қызметтері, азаматтық қорғау құралымдары, ұйымдар, эвакуациялық органдар, халық	3 жылда 1 рет	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары	
6.	Төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс бойынша облыстардың, қалалардың және ауылдық аудандардың командалық-штабтық оқу-жаттығулары	Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелерін басқару органдары	Жыл сайын	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары	"Көктем", "Қыс", "Жер" республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар шеңберінде өткізуге рұқсат етіледі.
7.	Халықтың, басқару органдарының, азаматтық қорғау құралымдарының жер сілкінісі туындаған жағдайдағы іс-қимылдары бойынша командалық-штабтық (штабтық) машықтанулары	Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелерінің басқару органдары, эвакуациялық органдар, азаматтық қорғау құралымдары	Жыл сайын	Сейсмикалық қауіпті өңірлердің жергілікті атқарушы органдары	"Жер" республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шеңберінде өткізуге рұқсат етіледі.
8.	Арнайы тактикалық оқу-жаттығулар	Азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдары, шұғыл ден қою жасақтары	Жыл сайын	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары	
3. Ұйымдарда					
9.	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупіне және оны жоюға байланысты іс-шараларды пысықтау бойынша	Ұйымдар қызметкерлері	3 жылда 1 рет	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға	

	кешенді оқу-жаттығулар, азаматтық қорғаныс іс-шаралары (тақырыбын ұйымның азаматтық қорғаныс бастығы белгілейді)			жатқызылған ұйымдар	
10.	Төтенше жағдайлар кезінде алғашқы ықтимал жағдай элементтерін пысықтау бойынша объектілік машықтанулар	Оқу орындарының студенттері, оқушылары мен оқытушылары	Оқу жылында 1 рет	Білім беру ұйымдары	
11.	Азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру бойынша штабтық машықтанулар	Ұйымдар қызметкерлері	2 жылда 1 рет	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар	
12.	Азаматтық қорғау құралымдарын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс жөніндегі міндеттерді орындау үшін даярлау бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығулар	Ұйымдар қызметкерлері	Жылына 1 рет	Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдары бар ұйымдар	"Көктем", "Қыс", "Жер" республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар шеңберінде өткізуге рұқсат етіледі.
13.	Мына : Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлар бойынша; Сейсмикалық машықтанулар (сейсмикалық қауіпті өңірлер үшін); Селге қарсы машықтанулар (сел қауіпті өңірлер үшін); Ықтимал су жайылулар, су басулар, су тасқындары аймақтарындағы машықтанулар.	Ұйымдар қызметкерлері, оқу орындарының студенттері, оқушылар мен оқытушылар, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдары тәрбиешілері мен балалары	1, 2-тармақтар бойынша – тоқсан сайын 3, 4 - тармақтар бойынша – сел қауіпті кезең басталар алдында жылына бір рет	Төтенше жағдай таралатын есепті аймақта орналасқан азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар, білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдары	Арнайы тактикалық оқу-жаттығулармен біріктіруге рұқсат етіледі.

14.	Оқу сабақтары	Ұйымның басшылық құрамы, Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамы	Жыл сайын	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар және Азаматтық қорғаудың аумақтық және объектілік құралымдары бар ұйымдар	
4. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыс істемейтін халық					
15.	Оқу-жаттығулар мен машықтануларға тарту. Оқулықтарды, жаднамаларды, мерзімді баспасөз материалдарын өздігімен зерделеу, теле-, радио бағдарламаларды қарау (тыңдау)	Өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыс істемейтін халық	Тұрақты	ІІМ ТЖК	